


Қалқанша без

Қалқанша без барлық омыртқаларда болатын ішкі секреция бездерінің ішіндегі ең үлкені. Көмейдің алдыңғы жағында орналасқан. Ересек адамда салмағы шамамен 30-60 г, пішіні таға тәрізді, бір-бірімен байланысқан екі бөліктен тұрады. Бездің ішінде шырышқа толы қуыстар бар. Шырышты заттан тироксин гормоны бөлінеді. Құрамында йоды бар.



Қызметі:

- Тироксин гормоны барлық зат алмасуға қатысады
- Ағзаның өсіп өнуі мен дамуына әсер етеді
- Жүйке жүйесі мен жүрек жұмысының қозуын арттырады
- Сүйектердің өсуі мен нақтылануын ширатады, кальцийдің сүйектен шығуын арттырады
- Несеп- зәр шығару жүйесіне әсер етеді.



Қалқанша безден бөлінетін гормондар жетіспесе, адам микседема (грекше «туха» - шырыш және «oidema» - ісіну) ауруына шалдығады.

Аурудың белгілері:

- 1) ағзада зат алмасу 30-40%-ға дейін бәсеңдейді, әсіресе нәруыз алмасуы бұзылады;
- 2) терінің астына су жиналады, тері құрғап, дене ісінеді;
- 3) дене температурасы төмендейді;
- 4) жүрек соғысы баяулайды;
- 5) қозғалысы бәсеңдеп, ойлау қабілеті нашарлайды; шашы түсіп, сирейді.

Ауруды тироксин гормонымен емдейді. Тироксин гормонының синтезделуі ағзада йодтың болуына байланысты. Адам йодты, йодты калий, йодты натрий түрінде тағаммен қабылдайды. Адам денесінде 30-50 мг йод болса, соның, шамамен 15 мг қалқанша безде кездеседі.




- Егер ішетін [су](#) мен тағамда йод жетіспесе, адам іспебұғақ (эндемиялық зоб) ауруымен ауырады. Мұндай ауру әсіресе топырақ пен судың құрамында йодтың аз болуынан пайда болады. Тәулігіне адамның қабылдайтын йод мөлшері 0,15-0,20 мг болуы керек.
- Аурудың белгісі. Қалқанша бездің ұлпалары өсіп, ұлғайып, салмағы 1 кг-ға дейін жетеді, сондықтан оны алкым ісуі дейді.



- Жас балаларда қалқанша бездің гормоны жетіспесе, бойы әспей, жыныстық жетілуі тоқталады. Ми сыңарлары қыртысышың жұмысы бұзылып, ақылесі кем болады. Мұндай ауруды кретинизм ([фр.](#) «*crtinisme*» - жарымес) дейді. Ауру асқынбаса, емдеп жазуға болады.
- Қалқанша безден гормон көп бөлінсе, денеде зат алмасу күшейеді; [жүрек](#) соғуы жиілейді; [қан](#) қысымы көтеріліп, жүйке жүйесінің қозуы артады; тамақты көп ішкенмен салмақ қоспай, керісінше арықтайды. Тез ашуланады және терлегіш болады. Көздері бадырайыш, шарасынанаалға қарай шығып тұрады. Мұндай ауруды бадырақ көз немесе базедов ауруы дейді. Бұл ауруды неміс дөрігері К. А. Базедов сипаттап жазған.



- **Қалқаншамаңы безі** (*glandula parathyroidea*, лат. *glandula* - без; гр. *para* - маңы, қасы; *thyreos* — қалқан) — қалқанша безі маңында немесе оның ішінде орналасқан кішкене денешік тәрізді ішкі секреция безі. Ол сыртынан дәнекер ұлпалық қапшықпен қапталған.



Құрылысы: Бездердің екеуі қалқанша бездің жоғарғы жағына, екеуі төменгі жағына жабысып, оған жанаса орналасқан. Қалқанша безге жақын жабыса орналасқанымен құрылысы мен қызметі мүлдем өзгеше. Бездердің үлкендігі асбұршақтай, салмағы 20-50 мг. Ересек адамда әр бездің ұзындығы 6-8 мм, ені 3-4 мм, қалыңдығы 1-2 мм. Салмағы ер адамда 30 жасқа дейін, әйелдерде 46-50 дейін өседі.

Қызметі:

- 1) бездерден бөлінетін гормондар қан мен ұлпа сұйықтығындағы фосфор мен кальцийдің мөлшерін реттейді;
- 2) 1 құрамындағы кальций мен фосфордың ішекке тез сіңуіне әсер етеді
- 3) денеден кальций мен фосфордың зәр мен нәжіс арқылы шығарылуын қамтамасыз етеді.

Гипопаратиреоз- қалқанша маңы безінің гормоның жеткіліксіз бөлінуі. Нәтижесінде қанда кальцийдің мөлшері төмендейді.

Гиперпаратиреоз- гормонның көп өндірілуінен дамиды. Қанда кальций мөлшері аптады, оның салдарынан сүйектер сыңғыш болады.

Қалқанша бездің рентгедік зерттеу түрі-
сцинтиграфия әдісі бойынша жүзеге асады.
Қалқанша безінің тығыздығы төмен
болғандықтан қлассикалық рентгенде әлсіз
көрініс береді.